

БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Т дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/32635/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың мақсаты:

- Т дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Кеспе әріптерден сөз құрауға, буындап оқуға үйрету.
- Ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын молайту, қызығушылығын, белсенділігін дамыту, көркем жазуға баулу.
- Балаларды әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, жаздыру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.**Сабақтың көрнекілігі:** әліппе, суреттер, текшелер, кеспе әріптер, ермексаз**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру кезеңі:** Балалардың зейінін сабаққа аудару, оқу құралдарын жинақтау, ой қозғау (көрнекіліктер арқылы)**«Сауат ашу әлеміне саяхат»** бейнетаспа көрсету.**Мұғалім:** Бала деген бақытты еліменен,
Құдіретті қолында әлем деген.
Бүгінгі жиналған қонақтарға,
Басталсын оқу іс-әрекетіміз, сәлемменен!**Балалар:** Сәлеметсіздер ме?
Білер қазақ баласы,
Сәлем - сөздің анасы.
Алдымыздан кезіккен,
Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,
Біздер сәлем береміз!

Ұран: Біздің топта ұл-қыздар
Тату тәтті ойнаймыз
Әлемдегі бар адамға,
Тек жақсылық сыйлаймыз!

-Жарайсындар, балалар! Өткенді қайталау.

Қандай дыбыспен таныстық? (А а дыбыспен)

Дауысты ма, дауыссыз ба? (дауысты)

А а дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? Мысалы: Ай, дала, ала.

- басында
- ортасында
- барлық буында

II. Жаңа сабақ. Жұмбақ шешу. Өзі айлакер, өзі бір қу,
Жүрген жері айғай да шу.

(түлкі)

-Дұрыс, балалар! Бүгінгі біздің сабағымызда Т әрпімен танысамыз.

Т әрпін жазуды үйренейік. Ол бас әріп және кіші әріпке бөлінеді.

Т т әрпін ауада жазу.

-Жарайсындар, балалар!

Дәптермен жұмыс. Дәптерді ашып Т әрпін жазуды ұсыну.
(балалар

т әрпін дәптерге жазады)

Ал, енді балалар «Т т» әрпін мына таяқшадан құрастырайық.

«Сиқырлы таяқша» ойыны.

Шарты: «Т т» әрпін таяқшалармен құрастыру.

-Балалар, «Т т» әрпін тағы да неден жасауға болады?
(ермексаздан)

-Дұрыс, мына алдарыңда тұрған ермексазды пайдалана отырып,
«Т т» әрпін мүсіндейікші балалар. (ермексазбен жұмыс)

-Жарайсыңдар, балалар! Енді балалар шамалы саусақтарымызды демалдырып сергіп алайық. «**Топ-топ балақан**»

-Жарайсыңдар, балалар!

«**Ойлан тап**» ойыны. Әріптер арасынан «Т т» әрпін тауып бояу.

Т А У Т Б Т Л Т Н К Т С

-Жарайсыңдар, балалар! Ал, енді балалар суреттерге мұқият қарап, құрамында «Т т» әрпі бар суреттерді көрсету. Мысалы: тау, тауық, ту.

«**Сөздер жазу**» Балалар алдарыңдағы кеспе әріптермен то, та, ту, тау, тас, ата, тай, тал деген сөздерді жазайық.

-Жарайсыңдар, балалар, сендер тапқыр екенсіңдер!

-Бүгін қандай әріппен таныстық? (Т т әрпі)

-«Т т» әрпі қандай дыбыс? (дауыссыз)

Бағалау: -Жарайсыңдар, балалар! Барлық тапсырмаларды орындай білдіңдер! Тапқыр, білімді екенсіңдер. Сендерге көп көп рахмет айтамын.

Сау болыңдар!